

**«Футбол жүлделерін жина»
ЖАРНАМАЛЫҚ ЫНТАЛАНДЫРУШЫ АКЦИЯСЫН
ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы ережелер «Футбол жүлделерін жина» жарнамалық ынталандырушы акциясын өткізу тәртібін, қатысу, футбол монеталарын жинақтау, монеталарды жүлделерге айырбастау, Бас жүлде ұтыс ойынын өткізу және қатысушыларға жүлделерді табыстау тәртібін айқындайды.

1. Акция ұйымдастырушылары

1.1. Акцияның атауы: «Футбол жүлделерін жина» жарнамалық ынталандырушы Акциясы (бұдан әрі – Акция).

1.2. Акцияның Тапсырыс берушісі – «PepsiCo Central Asia» ЖШС (бұдан әрі – Акция Тапсырыс берушісі).

1.3. Акция Тапсырыс берушісінің орналасқан жері: 050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 109 В, 401-орынжай.

1.4. Акция Ұйымдастырушысы – «Pro-Trinit» ЖШС (бұдан әрі – Акция Ұйымдастырушысы).

1.5. Акция Ұйымдастырушысының орналасқан жері: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Халиуллин көш., 66/1 үй.

1.6. Тапсырыс беруші және/немесе Ұйымдастырушы Акцияны техникалық, ақпараттық, логистикалық және өзге де сүйемелдеу үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

2. Негізгі терминдер мен анықтамалар

2.1. Акциялық өнімдер — Magnum Cash&Carry сауда желісінде сатылатын, 70 г-нан асатын қаптамадағы Lay's®, Cheetos®, Хрysteam® сауда маркаларының Акцияға қатысатын өнімдері немесе Акция сайтында көрсетілген өзге де өнімдер.

2.2. Кассалық чек — Акция кезеңінде Magnum Cash&Carry сауда желісінде Акциялық өнімдерді сатып алу фактісін растайтын фискалдық құжат.

2.3. Акция сайты — fifa.lays.kz адресі бойынша орналасқан, қатысушы чекті жүктейтін, футбол монеталарын алатын, монеталар балансын қадағалайтын, монеталарды жүлделерге айырбастайтын және/немесе Бас жүлде ұтыс ойынына қатысатын интернет желісіндегі сайт.

2.4. Футбол монетасы / монета — Қатысушыға жүктелген және тексеруден өткен кассалық чек үшін есептелетін Акцияның шартты виртуалды бірлігі. Монеталар ақша, электрондық ақша, бағалы қағаз, мүліктік құқық болып табылмайды және ақшалай қаражатқа айырбасталмайды.

2.5. Жеке кабинет — Акция сайтының қолжетімді жүлделер, 1 тиісті жүлде бірлігін алу үшін қажетті монеталар саны, сондай-ақ техникалық мүмкіндік болған жағдайда жүлделердің қалдығы көрсетілген бөлімі.

2.6. Жүлде қоры — осы Ережелерде көзделген, саны шектеулі барлық жүлделер жиыны.

2.7. Бас жүлде — «FAN ZONE» жүлдесі футбол матчтарын көруге арналған үй аймағын ұйымдастыруға қажет тауарлар жиынтығын қамтиды, атап айтқанда:

- 2-3 адам отыратын диван — 1 д.;
- Smart TV (Диагонали 65 дюйм теледидар) — 1 д.

2.8. Қатысушы — осы Ережелердің талаптарына сәйкес келетін және Акцияға қатысу үшін қажетті әрекеттерді орындаған тұлға.

3. Акцияның мақсаты мен құқықтық статусы

3.1. Акция Lay's®, Cheetos®, Хрysteam® тауар белгілерінің өнімдеріне қызығушылықты қалыптастыру және қолдау, Акциялық өнімдердің сатылымын ынталандыру, сондай-ақ тұтынушылардың адалдығын арттыру мақсатында өткізіледі.

3.2. Акция лотерея, бәс, тотализатор, құмар ойын немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды. Акцияға қатысу үшін ақы алынбайды. Акциялық өнімдерді сатып алу жарнамалық Акцияға қатысу шарты болып табылады және қатысу үшін төлем болып табылмайды.

4. Акцияның өткізілу мерзімі

4.1. Акцияның жалпы өткізілу кезеңі: 2026 жылғы 22 маусымнан бастап 2026 жылғы 31 шілдеге дейін (қоса алғанда), Астана қаласының уақыты бойынша.

4.2. Чектерді тіркеу және монеталарды жинақтау кезеңі: 2026 жылғы 22 маусым сағат 00:01-ден бастап 2026 жылғы 31 шілде сағат 23:59-ға дейін (қоса алғанда), Астана қаласының уақыты бойынша.

4.3. Монеталарды жүлделерге айырбастау Акцияның өткізілу кезеңінде және Жүлде қорындағы тиісті жүлде түрі таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

4.4. Жүлделерді табыстау осы Ережелерде белгіленген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5. Акцияның өткізілу аумағы

5.1. Акция Қазақстан Республикасының аумағында, Акцияға қатысатын Magnum Cash&Carry сауда желісінің дүкендерінде өткізіледі.

5.2. Акцияны ақпараттық қолдау сауда желісіндегі материалдар, Акция сайты, әлеуметтік желілер және өзге де жарнамалық тасымалдағыштар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін, соның ішінде: воблерлер, дивайдерлер, сайттағы баннерлер, Instagram-дағы посттар және өзге де POSM-материалдар.

6. Акциялық өнімдер

6.1. Акцияға Magnum Cash&Carry сауда желісінде сатылатын, 70 г-нан басталатын қаптамадағы Lay's®, Cheetos®, Хрysteam® сауда маркаларының өнімдері қатысады, бұндайда Қатысушының Акция сайтына жүктеген кассалық чегінде осы өнімдердің болуы шарт.

6.2. Акциялық өнімдердің тізбесі Акция сайтында және/немесе Акцияның жарнамалық материалдарында нақтылануы мүмкін. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда Акция сайты мен осы Ережелерде орналастырылған ақпарат басымдыққа ие болады.

Штрих-код	АТАУЫ
4607069339681	Cheetos "Сыр" жүгері таяқшалары 85 г
4690388001094	Cheetos "Кетчуп" жүгері таяқшалары 85 г
4690388122300	Cheetos "Жапонша краб" жүгері таяқшалары 85 г
4690388123673	Cheetos "Тәтті тай чили" жүгері таяқшалары 70 г
4690388119096	«Краб» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388120931	«Сыр» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388121044	«Тұз» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388120917	«Паприка» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388121068	«Кәуап» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388119157	«Қаймақ пен көк шөп» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388119133	«Көк жуа» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays чипстері 70 г
4690388121020	«Лобстер» дәмі бар табиғи картоптан жасалған Lays толқынды чипстері 70 г
4690388111199	«Балғын көк жуа» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111250	«Қаймақ пен көк шөп» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111274	«Краб» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111359	«Сыр» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111335	«Кәуап» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111403	«Тұз» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111427	«Паприка» дәмі бар Lays чипстері 140 г
4690388111465	«Лобстер» дәмі бар Lays толқынды чипстері 140 г
4690388095864	"Кілегейлі тұздықтағы лосось" дәмі бар Lays толқынды чипстері 140 г
4690388111441	Lays "Қаймақ пен пияз" дәмі бар толқынды чипстері 140 г
4690388117870	Lays "Аскөк қосылған тұздалған қияр" чипстері 140 г

4690388123635	"Стейк және бұрыш қосылған тұздық" дәмі бар Lays толқынды чипстері 140г
4690388058166	Пеште пісірілген Lays "Қаймақтағы түлкіқұйрық" чипстері 85 г
4690388058142	Пеште пісірілген Lays "Көк шөп қосылған нәзік сыр" дәмі бар чипстері 85 г
4690388124441	Пеште пісірілген Lays "Қаймақтағы түлкіқұйрық" чипстері 81 г
4690388124465	Пеште пісірілген Lays "Көк шөп қосылған нәзік сыр" дәмі бар чипстері 81 г
4690388123574	Пеште пісірілген Lays "Авокадо қосылған лосось муссы" чипстері 81 г
4690388050535	Lays "Қаймақ пен көк шөп" чипстері 225 г
4690388106645	Lays "Краб" чипстері 225 г
4690388105907	Lays "Толқынды паприка" чипстері 225 г
4690388108977	Lays Stax "Хош иісті Барбекю қабырғалары" чипстері 140 г
4690388108946	Lays Stax "Татымды паприка" чипстері 140 г
4690388108991	Lays Stax "Нәзік қаймақ және пияз" чипстері 140 г
4690388118198	"Чили және лайм" дәмі бар Lays толқынды чипстері 125 г
4690388121419	"Қос гамбургер" дәмі бар Lays MAXX чипстері 100 г
4690388121457	"Барбекю тауық қанаттары" дәмі бар Lays MAXX чипстері 100 г
4690388121433	"4 сыр пиццасы" дәмі бар Lays MAXX чипстері 100 г
4690388122119	"Мексикалық халапеньо қосылған чеддар сыры" дәмі бар Lays чипстері 105 г
4690388122133	"Немісше братвурст шұжықтары" дәмі бар Lays чипстері 105 г
4690388117313	Хруsteam "Қаймақ" қытырлақ нандары 100 г
4690388117290	Хруsteam "Грильде пісірілген бұзау еті" қытырлақ нандары 100 г
4690388110130	Хрустим Багет "Қаймақ пен көк шөп" қытырлақ нандары 100 г
4690388105617	Хрустим Багет "Корольдік краб" қытырлақ нандары 100 г
4690388116408	Хрустим Багет "Қыша тұздығындағы күркетауық еті" қытырлақ нандары 100 г
4690388123802	Хрустим Багет "Дәмдеуіштер қосылған бұзау еті" қытырлақ нандары 100 г
4690388123291	Хруsteam "Сыр таяқшалары" Бар топтамасы қытырлақ нандары 140 г
4690388123277	Хруsteam "Стейк және қара бұрыш" Бар топтамасы қытырлақ нандары 140 г
4690388121822	Хруsteam "Сарымсақ тұздығындағы қуырылған асшаян" Бар топтамасы қытырлақ нандары 70 г

7. Акция Қатысушылары

7.1. Акцияға Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, Акцияға қатысу сәтінде 18 жасқа толған тұлғалар қатыса алады.

7.2. Қатысушы Акция өнімдерін өз бетінше сатып алуы, кассалық чекті Акция сайтына жүктеуі, шынайы деректерді көрсетуі және осы Ережелердің өзге де шарттарын орындауы тиіс.

7.3. Тапсырыс берушінің, Ұйымдастырушының жұмыскерлері, сондай-ақ Акцияны ұйымдастыруға және өткізуге тартылған тұлғалар, олардың жақын туыстары, өкілдері және үлестес тұлғалар, сондай-ақ осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмейтін тұлғалар Акцияға қатысуға құқылы емес.

7.4. Ұйымдастырушы Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ осы Ережелердің сақталуын тексеру және жүлдені табыстау үшін қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді сұратуға құқылы.

7.5. Осы Ережелермен белгіленген шектеулерді қолдану мақсатында, Ұйымдастырушы бір Қатысушыны тіркелген, дербес және техникалық деректердің жиынтығы бойынша анықтай

алады, оған мыналар кіреді, бірақ олармен шектелмейді: мобилді телефон нөмірі, ТАӘ, жеке басын куәландыратын құжат деректері, тұратын қаласы, жеткізу мекенжайы.

7.6. Бір тұлғаның бірнеше тіркелгі жасауына және/немесе пайдалануына, бірнеше мобилді телефон нөмірлерін пайдалана отырып чектерді тіркеуге, үшінші тұлғалардың атынан чектерді тіркеуге, сондай-ақ осы Ережелермен белгіленген шектеулерді айналып өтуге бағытталған өзге де әрекеттерге жол берілмейді.

7.7. Бірнеше тіркеулер, тіркелгілер, мобилді телефон нөмірлері немесе өзге де деректер бір тұлғамен немесе Акция шарттарын айналып өту үшін бір тұлғаның мүддесінде пайдаланылып жатыр деген негізді күдік болған жағдайда, Ұйымдастырушы монеталарды есептеуден, монеталарды жүлдеге айырбастаудан және/немесе жүлдені табыстаудан бас тартуға құқылы.

8. Қатысу тәртібі және монеталарды жинақтау механикасы

8.1. Акцияға қатысу үшін Қатысушы Акция кезеңінде Magnum Cash&Carry сауда желісінде Акциялық өнімдерді сатып алуы қажет.

8.2. Сатып алғаннан кейін Қатысушы fifa.lays.kz Акция сайтына өтіп, Акция өнімдерін сатып алғанын растайтын кассалық чекті жүктеуі қажет.

8.3. Кассалық чекті жүктеу үшін Қатысушы Акция сайтында тіркеліп, жеке кабинет ашуы қажет. Тіркелу кезінде Қатысушы міндетті жолдарды толтырады: аты-жөні, электрондық пошта адресі (e-mail) және мобилді телефон нөмірі, осы Ережелермен танысқанын, дербес деректерді өңдеуге келісімін және 18 (он сегіз) жасқа толғанын растайды, содан кейін тіркеуді аяқтайды.

8.4. Акция сайтына jpg немесе png форматындағы, көлемі 15 (он бес) МБ аспайтын кассалық чектің суреттері жүктелуі тиіс.

8.5. Ұйымдастырушының/Акцияның техникалық жүйесінің тексеруінен өткен және осы Ережелердің шарттарына сәйкес келетін әрбір жүктелген кассалық чек үшін Қатысушыға 1 (бір) футбол монетасы есептеледі.

8.6. Егер бір кассалық чекте бірнеше Акция өнімі бар болса, Акция сайтында тікелей өзгеше көрсетілмесе, мұндай чек 1 (бір) футбол монетасын алу құқығын береді.

8.7. Бір кассалық чек Акцияға қатысу үшін тек 1 (бір) рет пайдаланылуы мүмкін. Бір чекті қайта-қайта жүктеуге жол берілмейді.

8.8. Есептелген монеталар Акция сайтындағы Қатысушының жеке кабинетінде/интерфейсінде көрсетіледі.

8.9. Қатысушы футбол монеталарын жинақтауға және оларды осы Ережелерде көзделген тәртіппен Жүлделер каталогынан жүлделерге айырбастауға құқылы.

8.10. Монеталар сатуға, үшінші тұлғаларға беруге, ақшаға айырбастауға, қайтаруға, мұрагерлікке қалдыруға, иеліктен шығаруға немесе өзгеше түрде иеліктен шығаруға жатпайды.

9. Акцияның жүлде қоры

9.1. Акцияның жүлде қоры Акцияны Ұйымдастырушының қаражаты есебінен қалыптастырылады және тек Акция Қатысушыларына жүлделерді беру үшін пайдаланылады.

9.2. Жүлде қорындағы кепілді (жинақтаушы) жүлделердің жалпы саны 1 000 (бір мың) бірлікті құрайды. 1 (бір) бірлік мөлшеріндегі Бас жүлде (FAN ZONE) ұтыс ойынының нәтижелері бойынша бөлек беріледі және көрсетілген жүлделер санына кірмейді.

9.3. Жүлделердің әр түрінің саны шектеулі. Монеталарды жүлделерге айырбастау сол сәтте Жүлде қорының қалдығында жүлденің тиісті түрі бар болғанда ғана жүзеге асырылады.

№	Жүлденің атауы	1 бірлік жүлдені алу үшін қажетті монеталар саны	Жүлделердің жалпы саны
1	Номиналы 2 000 теңгелік Яндекс Go промо-коды	3 монета	500
2	Хрустем 30 г қорабы (қорапта 40 қаптама)	5 монета	100
3	Номиналы 5 000 теңгелік Magnum сертификаты	7 монета	100
4	Cheetos 50 г қорабы (қорапта 24 қаптама)	10 монета	120

5	Lay's / FIFA футболкасы	20 монета	120
6	INSTAX mini фотокамерасы	30 монета	30
7	Проектор	40 монета	19
8	FIFA мерчі	50 монета	11
9	Ұтыс ойынының бас жүлдесі — FAN ZONE	Қолданылмайды / ұтыс ойыны	1
Барлығы:			1 000

9.4. Кестеде көрсетілген монеталар саны тиісті жүлденің 1 (бір) бірлігін алу үшін Қатысушының балансынан есептен шығарылуға жататын монеталар санын білдіреді. Мысалы, 3 (үш) монета Жүлде қорының қалдығында мұндай жүлде болған жағдайда, номиналы 2 000 теңгелік 1 (бір) Яндекс Go промо-кодын алу құқығын береді.

9.5. Жарнамалық материалдардағы жүлделердің кескіні, түсі, жиынтықтамасы, моделі және өзге де визуалды сипаттамалары жүлделердің іс жүзіндегі сипаттамаларынан өзгеше болуы мүмкін. Мұндай айырмашылық жүлдені ауыстыру немесе ақшалай өтемақы төлеу үшін негіз болып табылмайды.

9.6. Ұйымдастырушыға байланысты емес себептер бойынша тиісті жүлде болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау шартымен, Ұйымдастырушы жүлдені құны мен тұтынушылық қасиеттері бойынша балама жүлдеге ауыстыруға құқылы.

9.7. Жүлделердің құнына ақшалай өтемақы төленбейді. Қатысушының бастамасымен жүлде ауыстырылмайды.

10. Монеталарды жүлделерге айырбастау тәртібі

10.1. Егер Қатысушының балансында монеталар саны жеткілікті болса және таңдалған жүлде Жүлде қорының қалдығында бар болғаны Ұйымдастырушы тарапынан расталса, Қатысушы жинақталған футбол монеталарын Жүлделер каталогындағы жүлдеге айырбастауға құқылы.

10.2. Акция сайтында жүлдені таңдаған кезде Қатысушының балансынан Жүлде қорының кестесіне сәйкес тиісті жүлденің 1 (бір) бірлігін алу үшін қажетті монеталар саны есептен шығарылады.

10.3. Монеталарды жүлдеге айырбастау расталғаннан кейін, тиісті монеталар саны Қатысушының балансынан есептен шығарылады, ал жүлде Қатысушының деректері тексеруден өтіп, осы Ережелер сақталған жағдайда Қатысушының атына резервтелген болып саналады.

10.4. Егер айырбастауды растау сәтінде тиісті жүлде таусылған болса, айырбастау жасалмайды, монеталар есептен шығарылмайды, ал Қатысушы басқа қолжетімді жүлдені таңдауға құқылы.

10.5. Ұйымдастырушы Акцияны өткізудің бүкіл кезеңінде жүлделердің барлық түрі болады деп кепілдік бермейді. Жүлделер тиісті жүлде түрі таусылғанға дейін беріледі.

10.6. Бір Қатысушы Акцияның бүкіл өткізілу кезеңінде **50 (елу) футбол монетасынан** артық ала алмайды. Футбол монеталары тек **дұрыс жүктелген және тексеруден өткен алғашқы 50 (елу) кассалық чек** үшін ғана есептеледі.

10.7. Қатысушы кассалық чектерді көрсетілген санынан артық жүктей алады, алайда мұндай чектер үшін футбол монеталары есептелмейді, жүлделерге айырбастау мақсатында есепке алынбайды және Бас жүлде ұтыс ойынына қатысуға қосымша мүмкіндіктер бермейді.

10.8. Егер чек, Қатысушының деректері немесе Қатысушының әрекеттері осы Ережелерге сәйкес келмесе, қолдан жасау, қайталап пайдалану, техникалық манипуляция немесе жосықсыз қатысу белгілері болса, Ұйымдастырушы монеталарды жүлдеге айырбастаудан бас тартуға және/немесе есептелген монеталарды жоюға құқылы.

11. Бас жүлде ұтыс ойынын өткізу тәртібі

11.1. Акцияның Бас жүлдесі — FAN ZONE — Акцияға қатысу шарттарын орындаған Қатысушылар арасында ұтысқа тігіледі.

11.2. Акцияны өткізу кезеңінде Ұйымдастырушының/Акцияның техникалық жүйесінің тексеруінен өткен кемінде 1 (бір) кассалық чекті жүктеген Қатысушы Бас жүлде ұтыс ойынына қатысу құқығына ие болады.

11.3. Ұтыс ойыны осы Ережелердің шарттарына сәйкес келетін Қатысушылар арасынан бағдарламалық жасақтаманы және/немесе кездейсоқ таңдаудың жабық алгоритмін пайдалана

отырып, жеңімпазды таңдау арқылы өткізіледі. Ұтыс ойынын өткізу кезінде 1 негізгі жеңімпаз және 3 резервтік жеңімпаз анықталады

11.4. Бас жүлде ұтыс ойыны 2026 жылғы 05 тамызда Астана қаласының уақытымен сағат 15:00-де, чектерді тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін Ұйымдастырушының мекенжайы бойынша өткізіледі: 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Халиуллин көш., 66/1 үй, 210-кеңсе.

11.5. Ұтыс ойыны Акция Ұйымдастырушысының және/немесе Акция Тапсырыс берушісінің өкілдерінен тұратын комиссияның қатысуымен өткізіледі. Ұтыс ойынының нәтижелері бойынша комиссия мүшелері ұтыс ойынының хаттамасына қол қояды. Хаттамадағы комиссия мүшелерінің қолдары нотариуспен куәландырылады.

11.6. Бас жүлде ұтыс ойынының нәтижелері ақырғы болып табылады. Ұйымдастырушы әлеуетті жеңімпаздың мәртебесін растамас бұрын оның деректерін тексеруге құқылы.

11.7. Егер әлеуетті жеңімпаз осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмесе, жалған деректер ұсынса, ұтыс ойыны өткізілгеннен кейін 3 (үш) күн ішінде байланысқа шықпаса немесе Бас жүлдені алудан бас тартса, Ұйымдастырушы осы бөлімде көзделген тәртіпте басқа жеңімпазды анықтауға құқылы.

12. Чектерді тексеру тәртібі және бас тарту негіздері

12.1. Акция Ұйымдастырушысы және/немесе техникалық операторы жүктелген чектерді қолмен және/немесе автоматтандырылған құралдарды пайдалана отырып тексеруге құқылы.

12.2. Жүктелген кассалық чекті тексеру (модерация) ол Акция сайтына жүктелген сәттен бастап 72 (жетпіс екі) сағат ішінде іске асырылады.

12.3. Чек оқылатын болуы тиіс, онда сатып алу күні мен уақыты, сауда нүктесінің атауы, фискалдық белгілер, сатып алынған тауарлардың тізбесі және Акциялық өнімдер болуы тиіс.

12.4. Мынадай чектер қабылданбайды: Акцияның өткізілу кезеңінен тыс жүктелген; Акциялық өнімдері жоқ; оқылмайтын; өзгертілген; қолдан жасалған; бұрын пайдаланылған; техникалық өңдеу белгілері бар; Magnum Cash&Carry сауда желісіне жатпайтын; Акциялық өнімдерді сатып алу фактісін анықтауға мүмкіндік бермейтін чектер.

12.5. Қатысушы Акцияға адал, дербес және тек өз атынан қатысуға міндеттенеді. Адал емес қатысудың кез келген тәсілдерін пайдалануға тыйым салынады, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: бір кассалық чекті қайта жүктеу, Қатысушыға тиесілі емес чектерді жүктеу, қолдан жасалған немесе өзгертілген чектерді жүктеу, лимиттерді айналып өту үшін бірнеше мобилді телефон нөмірлерін пайдалану, автоматтандырудың техникалық құралдарын, скрипттерді, боттарды, VPN, IP-адрестерді, құрылғы идентификаторын немесе өзге де техникалық деректерді пайдалану.

12.6. Жүлдені табыстау сәтіне дейін Ұйымдастырушы Қатысушыны/Жеңімпазды қосымша тексеруге, соның ішінде жүктелген чектерді, тіркеу деректерін, қатысу санын, техникалық деректерді, сондай-ақ Акция шарттарын айналып өту белгілерінің бар-жоғын тексеруге құқылы.

12.7. Осы Ережелердің бұзылуы, жалған деректер, алаяқтық белгілері, құқықты теріс пайдалану, техникалық манипуляция немесе белгіленген шектеулерді айналып өту фактілері анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы футбол монеталарын есептеуден бас тартуға, бұрын есептелген монеталарды жоюға, монеталарды жүлдеге айырбастаудан бас тартуға, жүлдені табыстаудан бас тартуға, Қатысушыны Акциядан шығаруға құқылы.

12.8. Осы Ережелерде көзделген негіздер бойынша Қатысушыны жүлде құқығынан айырған, есептелген монеталарды жойған және/немесе Қатысушыны Акциядан шығарған жағдайда, Ұйымдастырушы Қатысушыға тиісті хабарламаны Қатысушының Акция Сайтындағы жеке кабинетіне, сондай-ақ Қатысушы тіркелу кезінде көрсеткен электрондық пошта адресіне жібереді.

13. Хабарлау және жүлделерді табыстау тәртібі

13.1. Жүлдені табыстау үшін Ұйымдастырушы Қатысушымен/Жеңімпазбен оның Акцияға қатысу кезінде көрсеткен телефон нөмірі бойынша және/немесе Қатысушы көрсеткен өзге де байланыс құралдары арқылы хабарласады.

13.2. Қатысушы/Жеңімпаз Ұйымдастырушыға жүлдені табыстау үшін қажетті шынайы мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті: ТАӘ, телефон нөмірі, тұратын қаласы, жеткізу

мекенжайы, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережелерге сәйкес қажетті өзге де мәліметтер.

13.3. Егер Қатысушы/Жеңімпаз байланысқа шықпаса, Ұйымдастырушы хабарласқан сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қажетті деректерді және/немесе құжаттарды ұсынбаса, мұндай Қатысушы/Жеңімпаз тиісті жүлдені алу құқығынан айырылған деп танылуы мүмкін.

13.4. Жүлделерді жеткізу Ұйымдастырушының күшімен және/немесе тартылған пошталық/курьерлік қызмет арқылы Қазақстан Республикасының аумағында Ұйымдастырушы барлық қажетті деректер мен құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

13.5. Жүлдені алған кезде Қатысушы/Жеңімпаз жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға және Ұйымдастырушы талап еткен жағдайда жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін/скан-көшірмесін ұсынуға міндетті.

13.6. Қатысушылар/Жеңімпаздар өздеріне байланысты себептермен талап етпеген жүлделері қайта берілмейді, ақшалай өтемақы төленбейді.

13.7. Осы Ережелердің шарттарын сақтамауға байланысты Қатысушыларға/Жеңімпаздарға берілмеген жүлделер Акция шарттарына сәйкес келетін Қатысушылар арасында 2026 жылғы 05 тамызда осы Ережелерде көзделген ұтыс ойынын өткізу тәртібіне ұқсас тәртіппен ұтысқа тігіледі. Егер 2026 жылғы 05 тамызда өткізілген ұтыс ойынының қорытындысы бойынша мұндай жүлделер ұтысқа тігілмесе және/немесе Қатысушылар арасында бөлініске салынбаса, олар талап етілмеген деп есептеледі, қайтадан берілмейді және олардың ақшалай өтемақысы төленбейді.

14. Салық салу

14.1. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларда, жүлделердің құны Қатысушының/Жеңімпаздың ұтыс түріндегі табысы ретінде қарастырылуы мүмкін.

14.2. Төлем көзінен салық салынуға жататын жүлделер бойынша жеке табыс салығын есептеу, ұстап қалу және/немесе төлеу бойынша салық агентінің міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Ұйымдастырушы тарапынан орындалады.

14.3. Қатысушының/Жеңімпаздың жүлдені алумен байланысты туындауы мүмкін және салық агенті тарапынан ұстап қалуға жатпайтын барлық өзге де салықты, алым мен міндетті төлемдерді Қатысушы/Жеңімпаз өз бетімен төлейді.

15. Жеке деректер

15.1. Акцияға қатыса отырып, Қатысушы өзінің жеке деректерін Тапсырыс берушінің, Ұйымдастырушының және олар тартқан үшінші тұлғалардың Акцияны ұйымдастыру, өткізу, чектерді тексеру, монеталарды есептеу, монеталарды жүлделерге айырбастау, жеңімпаздарды анықтау, жүлделерді табыстау, салықтық және өзге де міндеттемелерді орындау, сондай-ақ Акция туралы ақпараттандыру мақсатында жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.

15.2. Акция аясында өңделетін жеке деректерге мыналар жатуы мүмкін: ТАӘ, телефон нөмірі, тұратын қаласы, жеткізу мекенжайы, электрондық пошта адресі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, кассалық чектен алынған мәліметтер, есептелген монеталар мен алынған жүлделер туралы деректер, сондай-ақ Акцияны өткізу үшін қажетті өзге де мәліметтер.

15.3. Жеке деректерді өңдеу Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңнамасының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

15.4. Қатысушы Ұйымдастырушыға/Тапсырыс берушіге осы Ережелерде көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеке деректерді өңдеуге берген келісімін қайтарып алуға құқылы. Келісімді қайтарып алу Акцияға одан әрі қатысудың және/немесе жүлдені алудың мүмкін болмауына әкеп соғуы мүмкін.

16. Қатысушыларды хабардар ету

16.1. Қатысушыларды Акция шарттары, осы Ережелер, Жүлде қоры, қатысу тәртібі, монеталарды жүлделерге айырбастау тәртібі, Бас жүлде ұтыс ойынының нәтижелері және өзге де маңызды шарттар туралы хабардар ету Акцияның fifa.lays.kz сайтында жүзеге асырылады.

16.2. Тапсырыс беруші және/немесе Ұйымдастырушы Акция шарттарын өзгертуге, қатысудың техникалық мән-жайын нақтылауға, Акцияны тоқтата тұруға немесе мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, бұндайда тиісті ақпарат Акция сайтында орналастырылып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақталуы тиіс.

16.3. Акция бойынша жаңартылған ақпарат Акция сайтында орналастырылады. Қатысушы Акция туралы өзекті ақпаратты өз бетімен қадағалауға міндетті.

17. Жауапкершілікті шектеу

17.1. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушының әрекеттерінің/әрекетсіздігінің, дұрыс емес деректерді ұсынуының, Қатысушы тарапындағы, байланыс операторларының, интернет-провайдерлердің, пошталық/курьерлік қызметтердің техникалық ақауларының, сондай-ақ Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушыға байланысты емес өзге де мән-жайлардың салдарынан Акцияға қатысудың және/немесе жүлдені алудың мүмкін болмауы үшін жауапты емес.

17.2. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы Қатысушылардың Акцияға қатысуына байланысты шығындары, соның ішінде Интернет желісіне қолжетімділік, мобилді байланыс, көлік шығындары, сондай-ақ осы Ережелерде өзгесі тікелей көзделмесе, өзге шығындар үшін жауапты емес.

17.3. Тапсырыс беруші мен Ұйымдастырушы кассалық чектің, телефон нөмірінің, аккаунттың, электрондық пошта адресінің, монеталардың немесе жүлдеге құқықтың тиесілілігі туралы дауларға түспейді. Мұндай дауларды мүдделі тұлғалар өз бетінше шешеді.

17.4. Ұйымдастырушы осы Ережелерді бұзғанына, айналып өтудің техникалық құралдарын пайдаланғанына, чектерді қолдан жасағанына, чектерді қайта жүктегені немесе өзге де жосықсыз әрекеттер жасағанына негізді күдікке ілінген тұлғаға Акцияға қатысудан, монеталарды есептеуден, монеталарды жүлдеге айырбастаудан және/немесе жүлдені табыстаудан бас тартуға құқылы.

18. Өзге шарттар

18.1. Акцияға қатысу фактісі Қатысушының осы Ережелермен толық және сөзсіз келісетінін білдіреді.

18.2. Егер осы Ережелерде өзгесі тікелей көзделмесе, Қатысушы жүлдені ауыстыруды, ақшалай баламасын төлеуді, жүлде құнын өтеуді немесе жүлдені алу құқығын үшінші тұлғаларға беруді талап етуге құқылы емес.

18.3. Егер Тапсырыс берушінің/Ұйымдастырушының осы Ережелермен реттелмеген Акцияны өткізу мәселелері бойынша барлық шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, ақырғы болып табылады.

18.4. Акцияны өткізуге байланысты туындайтын барлық дау мен келіспеушілік келіссөздер жолымен шешілуі тиіс. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қаралуы тиіс.

18.5. Осы Ережелерде көзделмеген барлық жағдайда Тапсырыс беруші, Ұйымдастырушы және Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.